

"Медтехника" акционерлік қоғамының Ресей Федерациясының кредиті бойынша берешегі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 27 қазандағы N 1386

"Медтехника" акционерлік қоғамының Ресей Федерациясының кредиті бойынша жинақталып қалған берешегін жою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджет пен "Медтехника" акционерлік қоғамы арасында соңғысының ресейлік кредит желісі бойынша қаржылық міндеттемесінің бір бөлігі

13,1 млн. (он үш миллион жүз мың теңге) мөлшеріндегі сомаға біржолғы есептеме жүргізсін және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігін қаржыландырған кезде "Медтехника" акционерлік қоғамы медицина техникасы бұйымдарын алу мен сақтау жөнінде көрсеткен қызметі үшін оның берешегін өтеу есебіне аталған соманы есепке алсын.

2. "Медтехника" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі австриялық кредит желісі бойынша сатып алған әрі өз жүйесінің емдеу орындарына берген медициналық жабдықтарды алу мен сақтау жөнінде қызмет көрсетілгені үшін, ресейлік кредит желісі бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі алдындағы берешегін өтеу ретінде екенін тиісінше көрсете отырып, оның кредиттік берешегін 13,1 млн. (он үш миллион жүз мың) теңге мөлшеріндегі сомада азайтатын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1995 жылғы республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстарына 13,1 млн. (он үш миллион жүз мың) теңге мөлшеріндегі соманы халықаралық келісімге сәйкес мемлекеттік кредит берілгені үшін шаруашылық жүргізуші субъектілерден алынған қаражат және соңғысын өтеу мен оны пайдаланғаны үшін проценттер төлеу жөніндегі шығыстар ретінде екенін ескеретін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК